

**Эпидемиялық маңыздылығы болмашы объекті қызметтің басталғаны  
және тоқтатылғаны (оларды пайдалану) туралы хабарлама**

1. "Казақстан Республикасының Денсаулық сактау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Шымкент қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті"  
республикалық мемлекеттік мекемесі

(мемлекеттік органның толық атауы)

2. Осылмен ИП "ИГІЛІК Ж.А", 800616402079

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаган жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)/ жеке тұлғаның толық тегі, аты, экесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

Қызметті бастағаны туралы хабарлама.

3. Заңды тұлғаның орналасқан жерінің мекенжайы/жеке тұлғаның заңды мекенжайы 160200, Казақстан Республикасы, Шымкент қ., Әл Фараби ауданы, ПРОСПЕКТ Кабанбай батыра, № 10Б үй, 42

(шетелдік заңды тұлға үшін-елі, пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

4. Электрондық пошта vipzhamila@mail.ru

5. Телефондар +77025833436

6. Факс

7. Қызметті жүзеге асыру мекенжайы(лары)

№	Мекенжайы
7.1	160000, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

8. Қосымша мәліметтер Азық-түлік, көкөніс тасымалдау автокөлігі ГАЗ 322132 (374ALY17)

(Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда тиісті ақпарат көрсетіледі)

9. Хабарламаға қоса беріледі

№	Құжаттар атауы
---	----------------

10. Қызметтің немесе белгілі бір іс-қимылдың жүзеге асырылуы 26.01.2024 басталады.

11. Қызметтің немесе белгілі бір іс-қимылдың жүзеге асырылуы тоқтатылады

Осы хабарламаны бере отырып, өтініш беруші мына төмендегілердірастайды:

көрсетілген барлық деректер ресми болып табылады және оларға қызметті немесе іс-қимылды жүзеге асыру мәселелері бойынша кез келген ақпарат жолдануы мүмкін;

отініш берушігө мәлімделген қызметтің түрімен немесе жекелеген іс-қимылдармен айналысуға соттыйым салмайды;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келеді және жарамды болып табылады;  
отініш беруші қызметті немесе іс-қимылды жүзеге асыруды бастағанға дейін одан әрі де орындау үшін міндettі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз етеді.

12. Отініш беруші ИП "ИГІЛІК Ж.А"

(тегі, аты, экесінің аты)

Берілген күні және уақыты: 26.01.2024 11:38:27

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2017 жылғы 16 тамыздағы  
№ 611 бұйрығымен  
бекітілген

## "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 28.08.2020 №ҚР-ДСМ-98/2020 (алғашы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (бұдан әрі - Санитариялық қағидалар) меншік нысанына қарамастан білім беру объектілерінде объект салынатын жер участекесін таңдауға, жобалауға, реконструкциялауға, пайдалануға, сумен жабдықтауға, су бұруға, қылумен жабдықтауға, жарықтандыруға, жедетуге, ауаны баптауға, жөндеуге және күтіп-ұстауға, тұру, тамақтану, оқыту жағдайларына және өндірістік практикаға, өндірістік бақылауға, персоналдың енб және-қызмет көрсету жағдайларына, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді медициналық қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

2. Осы Санитариялық қағидалар балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілерін (бұдан әрі - мектепке дейінгі үйімдер) қослағанда, білім беру үйімдарының объектілеріне, онын ішінде білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту, тәрбиелеу, тұру және тамақтану орнын үйімдастыру объектілеріне, барлық түрдегі және тильтегі интернат үйімдарына (бұдан әрі - объектілер) қолданылады.

3. Объектілерде осы Санитариялық қағидаларға 1-косымшага сәйкес зертханалық-аспалтық зерттеулер жүргізіледі.

4. Осы Санитариялық қағидаларда мынадай үғымдар пайдаланылды:

1) арнайы білім беру үйімдары - бұл ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) оларсыз жалпы білім берет оқу және білім беру бағдарламаларын менгеруі мүмкін болмайтын, арнайы оқу бағдарламаларын және оқыту адістерін, техникалық және өз де құралдарды, есір сұру ортасын, сондай-ақ медициналық, алеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайларды қамтамасыз ететін білім беру үйімдары; 2) бастауыш мектеп - бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйімдары;

3) бракераж - органолептикалық көрсеткіштер бойынша тамақ өнімдерінің және дайын тағамдардың сапасын бағалау;

4) білім беру үйімдары - заңды тұлғалар, сондай-ақ меншік нысанына және үйімдік құқықтық нысанына қарамастан, бір немесе бірнеше білім беру бағдарламаларын іске асыратын және (немесе) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді бағуды және оларға тәрбие беру қамтамасыз ететін халықаралық мектеп мәртебесі бар заңды тұлғалардың филиалдары, жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын, заңды тұлға күрмеган дара кәсіпкерлер;

5) гимназия - білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес қоғамдық-гуманитарлық және өзге де оқыту бағыттары бойынша көң ауқымда және терендете білім беруді қамтамасыз ететін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

6) дene тәрбиесі - адам денсаулығын нығайтуға және дene қабілеттерін дамытуға бағытталған қызмет саласы;

7) жазу құралдары - жазу дәптерлері, жазуға және сурет салуға арналған құралдар, оларға қаламдар, қарындаштар, фломастерлер, пенал, циркуль, маркерлер, көмір түйірлері, борлар, стерженьдер, грифельдер жатады;

8) жалпы білім беретін мектеп - бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

9) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру үйімдары - жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға тұратын орындар бере отырып, оларды тәрбиелеу, оларға білім беру үшін қолайлы жағдай жасалатын үйімдерінде оқыту жүргізу;

10) жеке медициналық кітапша - жұмысқа хіберу туралы белгілі койынып, міндетті медициналық тексеріп-қарастырудың натижелерінен, халықтың декреттеген тобының өкіліне берілетін жеке құжат;

11) жынытық оқу жүктемесі - Үлгілік оқу жоспарының инвариантты және вариативті болігін сағаттарының жалпы саны;

12) интернат үйімдары - тұратын орын беріле отырып, белгілі бір санаттағы адамдардың білім алу құқықтарына мемлекеттік кепілдіктерді қамтамасыз ететін білім беру үйімдары;

# Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздығы № 611 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 13 қыркүйекте № 15681 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздығы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 № ҚР-ДСМ-76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 144-бабының б-тартамагына сәйкес бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары бекітілсін.
2. "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 179 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміндегі № 10275 'болып тіркелген, 2015 жылғы 11 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.
3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті заңнамада белгіленген тәртілпен
  - 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін қағаз және электрондық түрде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінә қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;
  - 3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;
  - 4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Зәң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.
5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрі

Е. Сағадиев

2017 жылғы 8 қыркүйек

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

Ж. Қасымбек

2017 жылғы 6 қыркүйек